ABN AMRO Corporate Finance Limited	ірі мұнай-газ жобалары жөніндегі келіссөздерді қамтамасыз ету бойынша консультациялық қызметтер
PricewaterhouseCoopers Tax & Advisory LLP	сатып алынатын мұнай-газ активтерінің аудиті мен салық сараптамасы қызметтері
Norton Rose LLP	консультациялық заң қызметтері
Barclays Capital	жоба бойынша қаржылық қамтамасыз ету
Royal Bank of Scotland	қаржы стратегиясын әзірлеу

11. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ корпоративтік басқару кодексі Жалғыз акционер «Самұрық» холдингі» АҚ-тың 2007 жылғы 3 желтоқсандағы шешімімен бекітілген.

2. ЭМИТЕНТТІҢ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ

12. Эмитенттің басқару органдарының құрылымы.



Эмитенттің Жарғысына сәйкес Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер:

- 1) Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) корпоративтік кодексті, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- 3) Қоғамды ерікті қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 4) Қоғамның жарияланған акцияларының санына ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акциялардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастаудың, сондай-ақ оларды өзгертудің шарттары мен тәртібін белгілеу;
- 6) орналастыру (іске асыру) туралы, оның ішінде жарияланған акциялардың саны шегінде Қоғамның орналастырылатын (іске асырылатын) акцияларының саны, олардың орналастыру (іске асыру) әдісі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 7) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттіктерінің мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау (тағайындау) және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне төленетін сыйақылардың мөлшері мен оларды төлеу шарттарын белгілеу, сондай-ақ ол туралы ережені бекіту;
- 8) Директорлар кеңесінің жасалған жұмыс туралы жылдық есебін бекіту;
- 9) белгіленген тәртіппен Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды және оның қызметтеріне төленетін төлем мөлшерін белгілеу;
- 10) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін, сондай-ақ Қоғамның жылдық есебін бекіту;
- 11) есепті қаржы жылындағы Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы есеппен дивидендтің мөлшерін бекіту;
- 12) Жарғының 47-тармағында көзделген жағдайлар басталғанда Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлемеу туралы шешімді қабылдау;
- 13) жиынтықта Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес немесе одан да көп процентті құрайтын активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөліктерін беру арқылы Қоғамның өзге де заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешімді қабылдау;
- 14) заңнамаға сәйкес Қоғам акцияларды сатып алғанда олардың құнын айқындау әдістемесін бекіту және әдістемеге өзгерістер енгізу;
- 15) Жалғыз акционерге Қоғамның қызметі туралы ақпаратты беру тәртібін белгілеу, оның ішінде заңнамаға сәйкес бұқаралық ақпарат құралдарын айқындау;
- 16) Жалғыз акционер белгілеген тәртіппен Қоғамды дамытудың 5 жылға арналған стратегиялық бағыттары бекіту;
- 17) қызметтік жеңіл автомобильдердің тиістілік нормативтерін және әкімшілік аппаратты орналастыруға арналған алаңдардың нормаларын белгілеу;
- 18) қызметтік іссапарларға жіберілетін Қоғам қызметкерлерінің шығыстарын өтеу тәртібі мен шарттарын белгілеу;
- 19) Жалғыз акционердің шешімі бойынша қызметкерлерге ұтқыр байланысты, өкілдік шығыстарының лимиттерін және өзге де лимиттерді пайдалану құқығы берілген кезде Қоғам қаражатының есебінен өтелетін шығыстардың лимиттерін белгілеу;
- 20) белгіленген тәртіппен президентті (Басқарма төрағасын) сайлау (тағайындау) және оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 21) олар бойынша шешімдерді қабылдау Заңнамамен және Жарғымен Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер жатады.

Эмитенттің Жарғысына сәйкес Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер:

1) Қоғам қызметінің басымдық бағыттарын белгілеу, сондай-ақ Қоғамды дамытудың 5 жылға арналған стратегиялық бағыттарын мақұлдау және кейін Жалғыз акционердің қарауына шығару және де Қоғамның Қоғам Жарғысының 14-тармағының 1)-25) тармақшаларында көзделмеген қызметке қатысуы туралы шешімдерді қабылдау;

2) Жалғыз акционердің қарауына мәселелерді шығару;

3) Қоғамның корпоративтік басқару кодексін, оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды мақұлдау және Жалғыз акционерге бекіту үшін енгізу;

4) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешімді қабылдау;

5) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын-ала бекіту, Қоғамның жалғыз акционеріне өткен қаржы жылындағы Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивидендтің мөлшері туралы ұсыныстарды ұсыну, сондай-ақ Қоғамның жылдық есебін алдын-ала бекіту;

6) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын белгілеу;

7) Қоғам Басқармасы мүшелерінің сандық құрамын, өкілеттіктерінің мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау (тағайындау), сондай-ақ Қоғамның президентінен (Басқарма төрағасынан) басқа олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

8) президенттің (Басқарма төрағасының) және Басқарма мүшелерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін және еңбекақысы мен сыйлықақы төлеу шарттарын белгілеу;

9) Директорлар кеңесінің комитеттерін құру, олар туралы ережелерді бекіту, сондай-ақ комитеттердің мүшелерін сайлау;

10) Қоғам қызметкерлерінің штатын (жалпы санын) және орталық аппаратының құрылымын, сондай-ақ корпоративтік хатшы қызметінің штат кестесін бекіту;

11) Қоғамның есеп саясатын бекіту;

12) Қоғамның акцияларын төлеуге не ірі мәміленің мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушының қызметтеріне төленетін төлем мөлшерін белгілеу;

13) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттіктерінің мерзімін белгілеу, өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшерін мен сыйақы төлеу тәртібін, сондай-ақ корпоративтік хатшы қызметінің қызметкерлерін белгілеу;

14) тізбесін Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды, оның ішінде аукциондарды жүргізу және Қоғамның бағалы қағаздарына жазылу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

15) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдерді қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

16) Қоғамның басқа да ұйымдарды құруға қатысуы туралы шешімді қабылдау;

17) Қоғамның басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің) он және одан да көп процентін сатып алуы туралы шешімді қабылдау, сондай-ақ акцияларының (жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің) он және одан да көп проценті Қоғамға тиесілі заңды тұлғалар қызметінің мәселелері бойынша, оның ішінде Заңның 36-бабы 1-тармағының 1)-18) тармақшаларында, «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Заңның 43-бабы 2-тармағының 1)-12) тармақшаларында аталған мәселелер және акцияларының (жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің) он және одан да көп проценті Қоғамға тиесілі заңды тұлғалардың жарғыларына сәйкес акционердің/қатысушының немесе жалғыз акционердің/қатысушының құзыретіне жатқызылған барлық өзге де мәселелер бойынша шешімді қабылдау;

18) Қоғамның бұрынғы тіркеушісімен шарт бұзылған жағдайда Қоғамның тіркеушісін таңдау;

19) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты айқындау;

20) Қоғамның ірі мәмілелер мен Қоғам жасалуына мүдделі болатын мәмілелер жасасуы туралы шешімді қабылдау;

21) жер қойнауын пайдалану құқықтарын алу, беру (қайта беру) (заңнамалық актілердегі өзгерістерге немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне байланысты келісім-шарттардың өзгеруін есептемегенде), стратегиялық әріптестермен шарттар жасасу мәселелері бойынша шешімдерді қабылдау;

22) Жалғыз акционер бекіткен тәртіппен Қоғамның даму жоспарын (орта мерзімді бизнес-жоспар), Қоғамның бюджетін бекіту;

23) оларды бекітуді немесе келісуді Директорлар кеңесі жүзеге асыратын Қоғамның, сондай-ақ еншілес және тәуелді заңды тұлғалардың басшы қызметкерлері лауазымдарының тізбесін белгілеу;

24) Қоғамның тәуекелдерді басқару бойынша ішкі рәсімдерін бекіту, осындай рәсімдердің сақталуын және тиімділігін талдауды, сондай-ақ оларды жетілдіруді қамтамасыз ету;

25) Ішкі аудит қызметі жұмысының тәртібін, Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбекақысы мен сыйлықақысының мөлшері мен оларды төлеу шарттарын белгілеу, сондай-ақ Ішкі аудит қызметі басшысының лауазымына кандидатураны мақұлдау және Ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне қойылатын біліктілік талаптарын бекіту;

26) Ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспарын бекіту;

27) Директорлар кеңесі мүшелерінің Қоғамның қызметі, оның ішінде қаржылық қызметі туралы ақпаратты алуының тәртібі мен мерзімдерін белгілеу;

28) Қоғамның міндеттемелерін оның өз капиталы мөлшерінің он және одан да көп процентін құрайтын шамаға ұлғайту;

29) Заңнамада және жарғыда көзделген, Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер жатады.

Эмитенттің Жарғысына сәйкес Эмитент Басқармасының құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

Басқарма Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және Жарғымен Қоғамның басқа органдары мен лауазымдық тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған кез келген мәселелер бойынша шешімдерді қабылдауға құқылы, оның ішінде:

1) Заңнамамен және (немесе) Жарғымен Қоғамның өзге де органдарының, президенттің (Басқарма төрағасының) құзыретіне жатқызылған мәмілелерді есептемегенде, Қоғамның мәмілелер жасасуы туралы шешімдерді қабылдайды;

2) Заңнамада және Қоғамның Жарғысында көзделген жағдайларды есептемегенде, Қоғамның заңды тұлғалардың, оның ішінде акционері (қатысушысы) Қоғам болып табылатын заңды тұлғалардың жарғылық капиталындағы акциялардың (қатысу үлестерінің) он процентіне дейін сатып алуы туралы шешімді қабылдайды, сондай-ақ олардың қызметінің мәселелері бойынша шешімдерді, оның ішінде олардағы акцияларды (қатысу үлестерін) иеліктен шығару мәселелері бойынша шешімдерді қабылдайды;

3) директорлар кеңесі бекіткен Қоғам қызметкерлерінің штатын (жалпы санын), орталық аппаратының құрылымы мен корпоративтік хатшы қызметінің штат кестесін ескеріп, Қоғамның штат кестесін бекітеді, сондай-ақ оның филиалдары мен өкілдіктерінің штатын (жалпы санын), құрылымы мен штат кестесін бекітеді;

4) Қоғамның барлық қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті шешімдерді (қаулыларды) шығарады және нұсқаулар береді;

5) Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын, Жарғының 66-тармағының 12) тармақшасында аталған құжаттардың тізбесіне кірмейтін құжаттарды бекітеді;

6) Қоғам филиалдарының, өкілдіктерінің, оның еншілес ұйымдары мен тәуелді акционерлік қоғамдарының қызметін үйлестіреді және бағыттайды;

7) Қоғамның ішкі қызметінің өндірістік мәселелері бойынша шешімдерді қабылдайды;

8) белгіленген тәртіппен Қоғамның демеушілік (қайырымдылық) көмек көрсетуі туралы шешімді қабылдайды;

9) Жарғының 66-тармағының 12) тармақшасында аталған құжаттарды есептемегенде, Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарын бекіту тәртібін белгілейді;

10) Қоғамның осы тармақтың 2) тармақшасында аталған ұйымдарға қатысы акционердің (қатысушының) құқықтарын жүзеге асыруының тәртібін белгілейді;

11) Қоғамды дамытудың 5 жылға арналған стратегиялық бағыттарының, Қоғамды дамыту жоспарының (орта мерзімді бизнес-жоспарының), Қоғамның бюджетінің (1 жылға арналған бизнес-жоспарының) жобаларын әзірлейді, мақұлдайды және Директорлар кеңесіне береді;

12) Қоғамды дамыту жоспарын (орта мерзімді бизнес-жоспарын), Қоғамның бюджетін (1 жылға арналған бизнес-жоспарын) әзірлеуді және іске асыруды жүзеге асырады, сондай-ақ олардың орындалуы үшін жауапкершілікте болады;

13) жоспарланып отырған жылдың алдындағы жылдың жиырманшы наурызына дейін Жалғыз акционерге Қоғамның акциялары бойынша дивидендтердің мөлшерінің болжамды көрсеткіштерін береді;

14) Қоғамның ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару рәсімдерін әзірлеу және қолдану үшін жауапкершілікте болады;

15) Қоғамдағы тәуекелдерді басқару жүйесіндегі елеулі кемшіліктер туралы Директорлар кеңесіне уақытылы хабарлайды;

16) Қоғамның Директорлар кеңесі, Жалғыз акционері шешімдерінің, Қоғамның жылдық қаржы есептілігінің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым ұсынымдарының, сондай-ақ Ішкі аудит қызметі ұсынымдарының орындалуын бақылау жүзеге асырады;

17) Қоғамның меншігіне қатысты заңсыз іс-әрекеттерді тудыратын себептер мен шарттарды анықтау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

18) Қоғамның жалғыз акционері мен Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатпайтын Қоғамның қызметін қамтамасыз етудің өзге де мәселелері бойынша шешімдерді қабылдайды.

Ішкі аудит қызметі Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару, корпоративтік басқару саласындағы құжаттарды орындау саласындағы бағалауды және Қоғамның қызметін жетілдіру мақсатында консультациялауды жүзеге асырады.

13. Эмитенттің Директорлар кеңесінің мүшелері.

1) эмитенттің Директорлар кеңесінің әр мүшесінің фамилиясы, аты, болған жағдайда - әкесінің аты, туған жылы;

2) Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелерінің фамилиясы, аты, болған жағдайда - әкесінің аты, туған жылы;

3) эмитенттің Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің соңғы үш жылда және кездегі лауазымы, хронологиялық тәртіпте, соның ішінде қоса атқарған лауазымдары.

(осы тармақтың 1)-3) тармақшалары бойынша мәліметтер төмендегі кестеде көрсетілген)

Аты-жөні	Туған күні	Соңғы үш жыл ішінде атқарған лауазымдары хронологиялық тәртіпте
Директорлар кеңесінің төрағасы		
Құлыбаев Тимур Асқарұлы	10.09.1966ж.	02.2002ж.-10.2005ж. – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ бірінші вице-президенті; 2005 жылдың қазанында Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі болып тағайындалды; 04.2006ж.-08.2007ж. – «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ Басқармасы төрағасының орынбасары; 2008 жылдың қазанынан бастап, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ басқармасы төрағасының орынбасары болып тағайындалды. «Казатомөнеркәсібі» ҰАК» АҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «Қазақстан темір жолы» ҰК АҚ, «Энергетикалық желілерді басқару жөніндегі қазақстандық компания» АҚ (KEGOC), «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы болып табылады.
Директорлар кеңесінің мүшелері		
Ақшолақов Болат Оралұлы	09.04.1971	04.2003-02.2006ж. «ҚазМұнайГаз» ҰК ЖАҚ атқарушы директоры; 02.2006ж. бастап 11.2008ж. дейін – Энергетика және минералдық ресурстар вице-министрі; 11.2008ж. бастап осы уақытқа дейін – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ басқарушы директоры
Кешубаев Ғалиаусат Қайырбекұлы	15.08.1950	07.2002-04.2004ж. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ техникалық дамыту жөніндегі атқарушы директоры; 04.2004-06.2006ж. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ техникалық дамыту жөніндегі басқарушы директоры; 06.2006ж. бастап 12.2008ж. дейін – «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ мұнай-газ активтерін басқару жөніндегі директоры; 12.2008ж. бастап осы уақытқа дейін – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ мұнай-газ активтерін басқару жөніндегі директоры; 02.2007ж. бастап «Қазтеңізкөлікфлоты» ҰТКК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі

Питер Лэйн (тәуелсіз директор)	1946	2004-2007 ж Иксчендж Иншуранс Компани Лтд. Компаниясының негізін қалаушы/бас директоры; 2002 ж. бастап осы уақытқа дейін Кампи энд Ко Лтд, СК (бизнесі дамыту) Басқармасының атқарушы төрағасы
Фрэнк С.В.Куйлаарс (тәуелсіз директор)	15.10.1958	01.2004 – Ұйымның бүкіл әлемдегі мұнай-газ бөлімшелерінің басшысы; 03.2004 – Еуропалық одақтың Энергетикалық хартиясының индустриалдық кеңесінің мүшесі; 01.2005 – Ұйымның бүкіл әлемдегі мұнай-газ бөлімшелерінің басшысы, Клиенттермен жұмыс жөніндегі басшы (Орталық Еуропа, Таяу Шығыс, Африка); 04.2006 – Ресейдегі Байқаушы кеңес мүшесі
Қабылдин Қайыргелді Мақсұтұлы	01.01.1953	04.2003- 07.2007ж. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тасымалдау инфрақұрылымы және сервистік жобалар жөніндегі басқарушы директоры; 07.2007 - 09.2007ж. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ вице-президенті, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының мүшесі; 03.2007-07.2007ж. – «КҚК-Қ» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі; 07.2007ж.–11.2007ж. – «КҚК-Қ» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы; 09. 2007 ж.-08.2008ж. «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ Басқармасы төрағасының орынбасары, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы; 08.2008ж. бастап осы уақытқа дейін – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ президенті (Басқарма төрағасы); 09.2008ж. бастап осы уақытқа дейін – «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы

4) қатысу үлестері көрсетіліп, Эмитенттің Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің оның жарғылық капиталындағы (акциялар/үлестер) және оның еншілес және тәуелді ұйымдарындағы қатысуы.

Директорлар кеңесі мүшелерінің эмитенттің және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының жарғылық капиталындағы акциялары/қатысу үлестері жоқ;

5) Директорлар кеңесінің құрамындағы алдыңғы екі жылдағы өзгеріс.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Жалғыз акционерінің 29.05.2008 ж. шешімімен Директорлар кеңесінің мүшесі Ұ.С.Қарабалиннің өкілеттіктері тоқтатылды, сондай-ақ С.М.Бүркітбаев Директорлар кеңесінің мүшесі болып тағайындалды.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Жалғыз акционерінің 13.06.2008 ж. шешімімен Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесі Гульелмо Москатоның өкілеттіктері тоқтатылды және Питер Лэйн сайланды.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Жалғыз акционерінің 20.08.2008 ж. шешімімен Директорлар кеңесінің мүшесі С.М.Бүркітбаевтың өкілеттіктері тоқтатылды және осы шешіммен Қ.А.Бозымбаев Директорлар кеңесінің төрағасы болып тағайындалды.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Жалғыз акционерінің 17.10.2008 ж. шешімімен Директорлар кеңесінің төрағасы Қ.А.Бозымбаевтың өкілеттіктері тоқтатылды және Қ.Н.Келімбетов сайланды.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Жалғыз акционерінің 21.05.2009ж. шешімімен Қ.Н.Келімбетов Директорлар кеңесі төрағасының лауазымындағы өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды және осы лауазымға Т.А.Құлыбаев тағайындалды.

13-1. Эмитенттің Директорлар кеңесінің комитеттері (олар болған жағдайда).

Аудит жөніндегі комитет Ішкі және сыртқы аудит мәселелерін, қаржы есептілігінің мәселелерін қарайды.

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет Мынадай:
- компанияны дамытудың стратегиялық мақсаттарын әзірлеу;
- компанияның стратегиялық дамуының тұжырымдамаларын, бағдарламалары мен жоспарларын талдау мәселелері бойынша Директорлар кеңесіне ұсынымдарды дайындайды.

Тағайындау жөніндегі комитет Тәуелсіз директорлар, Ішкі аудит қызметі басшысының және Корпоративтік хатшының лауазымдарына кандидаттарға қойылатын біліктілік талаптарды дайындайды, Директорлар кеңесінің тапсырмаларына және/немесе Компанияның ішкі құжаттарының ережелеріне сәйкес өзге де мәселелер бойынша ұсынымдарды Директорлар кеңесіне береді.

Сыйақы жөніндегі комитет Директорлар кеңесі мүшелеріне, Басқарма мүшелеріне, Ішкі аудит қызметінің басшысына, Корпоративтік хатшыға және Компанияның өзге де қызметкерлеріне сыйақы беру саясаты мен құрылымы бойынша ұсынымдарды әзірлейді.

13-2. Ішкі аудит қызметі

Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару, корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуы саласындағы бағалауды және Қоғамның қызметін жетілдіру мақсатында консультациялауды жүзеге асырады.

14. Эмитенттің атқарушы органы.

1) эмитенттің жеке-дара атқарушы органының функцияларын жүзеге асыратын тұлғаның фамилиясы, аты, болған жағдайда эмитенттің алқалы атқарушы органының әрбір мүшесінің - әкесінің аты, туған жылы;

2) жеке-дара атқарушы органының функцияларын жүзеге асыратын тұлғаның не эмитенттің алқалы атқарушы органының әрбір мүшесінің соңғы үш жылда және кездегі лауазымы, хронологиялық тәртіпте, соның ішінде қоса атқарған лауазымдары

(осы тармақтың 1)-2) тармақшалары бойынша мәліметтер төмендегі кестеде көрсетілген)»

Аты-жөні	Туған күні	Соңғы үш жыл ішінде атқарған лауазымдары хронологиялық тәртіпте
Басқарма төрағасы:		
Қабылдин Қайыргелді Мақсұтұлы	01.01.1953ж.	<p>04.2003- 07.2007ж. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тасымалдау инфрақұрылымы және сервистік жобалар жөніндегі басқарушы директоры;</p> <p>07.2007 - 09.07ж. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ вице-президенті, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының мүшесі;</p> <p>07.2007ж – 11.2007ж. «КҚК-Қ» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы;</p> <p>09. 2007 ж. -08.2008ж. «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ Басқармасы төрағасының орынбасары, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы;</p> <p>08.2008ж. бастап осы уақытқа дейін "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ президенті (Басқарма төрағасы);</p> <p>09.2008ж. бастап осы уақытқа дейін – «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы</p>
Басқарма мүшелері:		
Иденов Мақсат Бағытұлы	11.09.1967ж.	<p>2004-2007 жж. - Дубай, БАӘ Shell аймақтық вице-президенті;</p> <p>06.2007ж. бастап 06.2009ж. дейін – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ бірінші вице-президенті;</p> <p>07.2007ж. бастап осы уақытқа дейін – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының мүшесі;</p> <p>08.2008ж. бастап осы уақытқа дейін – «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы;</p> <p>06.2009 ж. бастап осы уақытқа дейін – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Өкілетті органның басқарушы директоры.</p>
Берлібаев Данияр Әмірбайұлы	21.12.1968ж.	<p>02.2005-09.2007ж. «Интергаз Орталық Азия» АҚ бас директоры, «ҚазТрансГаз» АҚ (қоса атқарды) бас директорының бірінші орынбасары;</p> <p>09.2007ж. бастап 06.2009ж. дейін – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ вице-президенті;</p> <p>05.2006ж. бастап осы уақытқа дейін – «ҚазРосГаз» ЖШС қадағалау кеңесінің мүшесі;</p> <p>09.07ж. бастап осы уақытқа дейін – «Қазтеңізкөлікфлоты» ҰТКК» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы;</p> <p>11.2007ж. бастап осы уақытқа дейін – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының мүшесі;</p> <p>11.2007ж. бастап 05.2009ж. дейін – «КҚК-Р» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;</p> <p>02.2008ж. бастап 05.2009ж. дейін - «КҚК-Қ» АҚ</p>

		<p>Директорлар кеңесінің мүшесі; 01.2008ж. бастап осы уақытқа дейін – «Қазақ мұнай және газ институты» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы (мүшесі); 08.2008ж. бастап осы уақытқа дейін – «ҚазМұнайГаз» сауда үйі» АҚ және «ҚазТрансГаз» АҚ Директорлар кеңестерінің төрағасы, «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі; 01.2009ж. бастап осы уақытқа дейін – «ҚМГ-Транскаспий» ЖШС Қадағалау кеңесінің төрағасы; 05.2009ж. бастап осы уақытқа дейін – «Kazakhstan Petrochemical Industries» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы; 06.2009 бастап осы уақытқа дейін – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ газ жобалары жөніндегі басқарушы директоры.</p>
Балжанов Асқар Құмарұлы	23.04.1958ж.	<p>2006 ж. маусымынан бастап 2009 ж. мамырына дейін «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ бас директоры болып жұмыс істеді және 2006 ж. 12 маусымында «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Директорлар кеңесіне сайланды. Бұрын ҚМГ ҰК АҚ-тың еншілес компаниясы – «ҚазМұнайТеңіз» АҚ бас директоры болды. 2009 ж. 1 маусымынан бастап – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ вице-президенті, 22.06.2009 ж. бастап осы уақытқа дейін – барлау және өндіру жөніндегі басқарушы директор (Басқарма мүшесі).</p>
Бозжанов Төлеген Жұматұлы	11.02.1974ж.	<p>08.2004ж.–2006ж. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ экономика және қаржы жөніндегі атқарушы директоры; 2006-2008жж. «ҚазМұнайГаз» сауда үйі» АҚ бас директоры; 08.2008ж. бастап 06.2009ж. дейін – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ вице-президенті; 08.2008ж. бастап осы уақытқа дейін – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының мүшесі, «ҚазМұнайТеңіз» ТМК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі; 09.2008ж. бастап осы уақытқа дейін – «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі; 06.2009 ж. бастап осы уақытқа дейін – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ корпоративтік орталықтың басқарушы директоры.</p>
Шманов Нұртас Нұрыбекұлы	24.12.1956ж.	<p>05.2006ж. бастап 12.2007ж. дейін – ҚКҚ-Р бас директорының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары; 12.2007ж. бастап 01.2009ж. дейін – «ҚазТрансОйл» АҚ бас директоры болды; 2008 жылдың тамызынан бастап – «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;</p>

		01.2009ж. бастап 06.2009ж. дейін – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басқарушы директоры; 05.2009ж. бастап осы уақытқа дейін – «КҚК-Р» АҚ, «КҚК-Қ» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі; 06.2009ж. бастап осы уақытқа дейін – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мұнай тасымалдау жөніндегі басқарушы директоры (Басқарма мүшесі).
Сауранбаев Нұрлан Ермекұлы	20.05.1967ж.	01.2004ж.-07.2007ж. кезеңінде «ТеңізСервис» ЖШС бас директоры болды; 07.2007ж. бастап 06.2009ж. дейін – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басқарушы директоры; 06.2009ж. бастап осы уақытқа дейін – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ сервистік жобалар жөніндегі басқарушы директоры (Басқарма мүшесі).
Тиесов Данияр Сүйіншілікұлы	06.12.1970ж.	08.2006ж. бастап 06.2009ж. дейін – «ҚазМұнайГаз» сауда үйі» АҚ бас директорының орынбасары болды; 12.2006 ж. бастап осы уақытқа дейін – «ҚазМұнайГаз» сауда үйі» АҚ Басқармасының мүшесі; 11.2006 ж. бастап осы уақытқа дейін – «АМӨЗ» ЖШС қадағалау кеңесінің мүшесі; 01.2008ж. бастап – Ромпетрол Групп Директорлар кеңесінің мүшесі; 06.2009ж. бастап осы уақытқа дейін – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мұнай өңдеу және маркетингі жөніндегі басқарушы директоры (Басқарма мүшесі) .
Жанғауылов Ержан Арыстанбекұлы	28.05.1968ж.	2006 ж. 6 маусымында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басқарушы директоры болып тағайындалды және 2006 ж. 12 маусымында «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Директорлар кеңесіне сайланды. Осы тағайындауға дейін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ құқықтық мәселелер жөніндегі атқарушы директоры болды. Бұрын Қазақстан Президентінің Әкімшілігінде заң қызметін және кадр бөлімін басқарды, ҚМГ ҰК АҚ вице-президентінің кеңесшісі болды. 06.2009ж. бастап осы уақытқа дейін – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі басшы менеджері (Басқарма мүшесі).
Иденов Мақсат Бағытұлы	11.09.67 ж.	2004-2007 - Дубай, БАӘ Shell аймақтық вице-президенті; 06.2007ж. бастап осы уақытқа дейін – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ бірінші вице-президенті; 07.2007ж. бастап осы уақытқа дейін – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма мүшесі 08.2008ж. бастап осы уақытқа дейін – «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің

		төрағасы
Берлібаев Данияр Әмірбайұлы	21.12.1968 ж.	02.2005-09.2007ж. «Интергаз Орталық Азия» АҚ, «ҚазТрансГаз» АҚ (қоса атқарды) бас директоры; 09.2007ж. бастап осы уақытқа дейін – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ вице-президенті, «Қазтеңізкөлікфлоты» ҰТКК» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, «ҚазРосГаз» ЖШС байқаушы кеңесінің төрағасы; «КҚК-Р» ЖАҚ Директорлар кеңесінің мүшесі; 11.2007ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының мүшесі, «КҚК-Қ» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі; , 01.2008– 03.2008ж. – «Қазақ мұнай және газ институты» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі; 03.2008ж. бастап осы уақытқа дейін – «Қазақ мұнай және газ институты» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы; 08.2008ж. осы уақытқа дейін – «ҚазМұнайГаз» сауда үйі» АҚ және «ҚазТрансГаз» АҚ Директорлар кеңестерінің төрағасы, «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі
Балжанов Асқар Құмарұлы	23.04.1958 ж.	2006 ж. маусымынан бастап 2009 ж. мамырына дейін ҚМГ БӨ бас директорының лауазымында жұмыс істеді және 2006 ж. маусымында ҚМГ БӨ Директорлар кеңесіне сайланды. Бұрын ол теңіз мұнай-газ жобаларында мамандандырылған ҚМГ ҰК АҚ еншілес компаниясы «ҚазМұнайТеніз» АҚ, бас директоры болды. 2009 ж. 1 маусымынан бастап – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ вице-президенті, 06.2009ж. бастап осы уақытқа дейін – барлау және өндіру жөніндегі басқарушы директоры (Басқарма мүшесі).
Бозжанов Төлеген Жұматұлы	11.02.1974ж.	08.2004ж.–2006ж. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ экономика және қаржы жөніндегі атқарушы директоры; 2006-2008жж. «ҚазМұнайГаз» сауда үйі» АҚ бас директоры; 08.2008ж. бастап осы уақытқа дейін – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ вице-президенті, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының мүшесі ; 08.2008ж. бастап осы уақытқа дейін – «ҚазМұнайТеніз» ТМК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі; 09.2008ж. бастап осы уақытқа дейін – «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі; 06.2009 ж. бастап осы уақытқа дейін – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ корпоративтік

		орталығының басқарушы директоры.
Шманов Нұртас Нұрыбекұлы	24.12.1956 ж.	05.2006г. бастап 12.2007ж. дейін – ҚКҚ-Р бас директорының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары; 12.2007ж. бастап 01.2009ж. дейін – «ҚазТрансОйл» АҚ бас директоры болды. 01.2009ж. бастап 06.2009ж. дейін – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басқарушы директоры. 06.2009ж. бастап осы уақытқа дейін – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мұнай тасымалдау жөніндегі басқарушы директоры (Басқарма мүшесі).
Сауранбаев Нұрлан Ермекұлы	20.05.1967ж.	01.2004ж.-07.2007ж. кезеңінде «ТеңізСервис» ЖШС бас директоры болды; 07.2007ж. бастап 06.2009ж. дейін – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басқарушы директоры; 06.2009ж. бастап осы уақытқа дейін – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ сервистік жобалар жөніндегі басқарушы директоры (Басқарма мүшесі).
Тиесов Данияр Сүйіншілікұлы	06.12.1970ж.	2006ж. бастап 06.2009ж. дейін – «ҚазМұнайГаз» сауда үйі» АҚ бас директорының орынбасары болды; 06.2009ж. бастап осы уақытқа дейін – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мұнай өңдеу және маркетингі жөніндегі басқарушы директоры (Басқарма мүшесі)
Жанғауылов Ержан Арыстанбекұлы	28.05.1968ж.	2006 ж. 6 маусымында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басқарушы директоры болып тағайындалды және 2006 ж. 12 маусымында ҚМГ БӨ Директорлар кеңесіне сайланды. Осы тағайындауға дейін "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ ҰК АҚ құқықтық мәселелер жөніндегі атқарушы директоры болды. Бұрын Қазақстан Президентінің Әкімшілігінде заң қызметін және кадр бөлімін басқарды, ҚМГ ҰК АҚ вице-президентінің кеңесшісі болды. Білімі бойынша – заңгер, 1992 ж. Қарағанды мемлекеттік институтын бітірді. 06.2009ж. бастап осы уақытқа дейін – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі басшы менеджері (Басқарма мүшесі).

3) қатысу үлесі көрсетілген эмитенттің жеке-дара атқарушы органының функцияларын жүзеге асыратын тұлғаның не эмитенттің алқалы атқарушы органының әрбір мүшесінің эмитент пен ұйымдардың төленген жарғылық капиталындағы қатысуы.

Эмитенттің алқалы атқарушы органы мүшелерінің эмитент акциялары және оның еншілес және тәуелді ұйымдарындағы акциялары/қатысу үлестері жоқ.

15. Осы тармақты акционерлік қоғамдар толтырмайды.

16. Директорлар кеңесінің мүшелеріне, атқарушы органның мүшелеріне және эмитенттің басқа да басқарушы тұлғаларына төленетін сыйақы.

Соңғы 3 айда тәуелсіз директорларға төленетін сыйақының жалпы сомасы, оның ішінде осындай тағайындауға байланысты шығыстарды өтеу шығыстары 17 млн. теңгені құрады. Кейінгі 12 айда тәуелсіз директорларға жоспарланып отырған сыйақының жалпы мөлшері, оның ішінде осындай тағайындауға байланысты шығыстарды өтеу шығыстары 45 млн. теңге болады. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері сыйақы алмайды.

Атқарушы органның мүшелері мен басқа да басшы қызметкерлерге сыйақы төленбейді.

17. Эмитенттің ұйымдық құрылымы.

1) Эмитенттің құрылымдық бөлімшелері, филиалдары мен өкілдіктері:

Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару департаменті;

Құжаттамалық қамтамасыз ету департаменті;

Қоғаммен байланыс департаменті;

Әкімшілік-сервистік қамтамасыз ету департаменті;

Ішкі аудит қызметі;

Халықаралық келісім-шарттар департаменті;

Құқықтық қамтамасыз ету департаменті;

Бизнес-жоспарлау және экономикалық талдау департаменті;

Корпоративтік қаржыландыру департаменті;

Активтерді басқару департаменті;

Геология және геофизика департаменті;

Игеру және өндіру технологиясы департаменті;

Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаменті;

Мұнай өңдеу департаменті;

ТШО жобасын басқару департаменті;

Өндіруші активтер департаменті;

Солтүстік Каспий жобасы департаменті;

Қарашығанақ жобасы департаменті;

Мұнай тасымалдау жөніндегі жобаларды басқару департаменті;

Мұнай тасымалдау активтерін басқару департаменті;

Сервистік жобаларды басқару департаменті;

Директорлар кеңесінің хатшылығы;

Ақпараттық технологиялар және БЕЖ енгізу департаменті;

Бухгалтерия;

Стратегиялық жоспарлау департаменті;

Қазақстандық үлесті дамыту және сатып алу департаменті;

Жаңа жер қойнауын пайдалану жобаларын дамыту департаменті;

Мұнай-химия департаменті;

Дунга жобасы департаменті;

Сервистік бизнесті дамыту департаменті;

Басқарма төрағасының хатшылығы;

Адам ресурстарын басқару департаменті;

Қазынашылық;

Ресурстық база және ГГД базасын басқару департаменті;

Барлау жобаларының операциялық қызметі департаменті;

Газ жобаларын басқару департаменті.

2) Эмитент қызметкерлерінің, оның ішінде эмитенттің филиалдары мен өкілдіктері қызметкерлерінің жалпы саны

Эмитент қызметкерлерінің жалпы саны – 454 адам, оның ішінде филиал қызметкерлері – 6 адам.

3) Эмитент құрылымдық бөлімшелерінің басшылары туралы мәліметтер

Департамент	Департамент директорының аты-жөні
Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару департаменті	Көбжанов Марат Орсакұлы
Құжаттамалық қамтамасыз ету департаменті	Бегасылова Алмаш Сайлауқызы
Қоғаммен байланыс департаменті	Тоқаев Ақбар Қуанышбайұлы
Әкімшілік-сервистік қамтамасыз ету департаменті	Артюхов Николай Васильевич
Ішкі аудит қызметі	Қайдар Баян Әбдуәлиқызы
Халықаралық келісім-шарттар департаменті	Кийнова Жанна Ләззатқызы
Құқықтық қамтамасыз ету департаменті	Залевская Виктория Владимировна
Бизнес жоспарлау және экономикалық талдау департаменті	Қисамиева Жанна Мұташқызы
Корпоративтік қаржыландыру департаменті	Бекназарова айгүл Жақсықұлқызы
Активтерді басқару департаменті	Құсаев Нұрлан Ханымұлы
Геология және геофизика департаменті	Жақсыбеков Әнуэр Еркінұлы
Игеру және өндіру технологиясы департаменті	Сұлтанов Орын Мұратұлы
Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаменті	Сиражев Нұрлан Жақсығалиұлы
Мұнай өңдеу департаменті	Байсекенов Серік Жәлелұлы
ТШО жобасын басқару департаменті	Ыбыраева Светлана Айтқалиқызы
Өндіруші активтер департаменті	Нұғманов Жәнібек Қайырбекұлы
Солтүстік Каспий жобасы департаменті	Сағынғалиев Мұхтар Бөлекбайұлы
Қарашығанақ жобасы департаменті	Серік Нұрлан Бекболатұлы
Мұнай тасымалдау жөніндегі жобаларды басқару департаменті	Раханов Тимур Максұтбекұлы
Мұнай тасымалдау активтерін басқару департаменті	Рахметова Клара Ғалымқызы
Сервистік жобаларды басқару департаменті	Төлебаев Ернат Серікбайұлы
Директорлар кеңесінің хатшылығы	Құрманбаев Талғат Нәсімоллаұлы
Ақпараттық технологиялар және БЕЖ енгізу департаменті	Ыбыраев Ернат Сейілқанұлы
Бухгалтерия	Валентинова Наталка Сергеевна
Стратегиялық жоспарлау департаменті	Масалин Алмаз Маратұлы
Қазақстандық мазмұнды дамыту және сатып алу департаменті	Исаев Бахтияр Орынбасұлы

Жана жер қойнауын пайдалану жобаларын дамыту департаменті	Қабжанов Рүстем Хайроллаұлы
Мұнай-химия департаменті	Досмұратов Мұрат Әбиұлы
Дунга жобасы департаменті	Озғамбаев Абзал Өмірзақұлы
Сервистік бизнесті дамыту департаменті	Құсайын ғазиз Темірханұлы
Басқарма төрағасының хатшылығы	Черепанов Александр Михайлович
Адам ресурстарын басқару департаменті	Ержігітова Шолпан Жұманқызы
Қазынашылық	Сыдықова Гүлжан Оралбекқызы
Ресурстық база және ГГД базасын басқару департаменті	Өзіханов Серік Әбілмәжінұлы
Барлау жобаларының операциялық қызметі департаменті	Нақпаев Бахыт Ғалымжанұлы
Газ жобаларын басқару департаменті	Рубченков Юрий Николаевич

18. Эмитенттің акционерлері (қатысушылары)

1) Эмитент акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы саны мен Эмитенттің он және одан да көп үлесіне (орналастырылған және дауыс беретін акциялар) иелік ететін акционерлері (қатысушылары) туралы ақпарат (толық және қысқартылған атауы, заңды тұлғаның орналасқан жері не тұлғаның фамилиясы, аты, болған жағдайда – әкесінің аты)

Эмитенттің құрылтайшысы – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің тұлғасында Қазақстан республикасының Үкіметі болып табылады.

«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Эмитенттің Жалғыз акционері болып табылады.

Құрылтайшының және жалғыз акционердің орналасқан жері: Астана қаласы, Үкімет үйі және Қабанбай Батыр д-лы, 23.

19. Заңды тұлғаның толық атауы, орналасқан жері, Эмитенттің оның жарғылық капиталындағы акцияларының (үлесінің) проценттік ара қатынасы, қызметінің түрі, бірінші басшысының фамилиясы, аты, болған жағдайда – әкесінің аты көрсетіліп, Эмитент акцияларының (үлестерінің) он және одан да көп процентіне иелік ететін заңды тұлғалар туралы мәліметтер

Эмитент мына ұйымдардың акционері болып табылады:

№	Заңды тұлғаның атауы	Заңды тұлғаның орналасқан жері	Акциялардың (ЖК-дағы үлестердің) %-тік ара қатынасы	Қызметінің түрі	Бірінші басшысының аты-жөні
1	«ҚазМұнайГаз» БӨ АҚ	Астана қ., 010000, Тәуелсіздік к-сі, 2	57,90%	Құрлықтағы мұнай кен орындарын барлау мен өндіруді жүзеге асыру	Ыбырашев Кенжебек Ниязұлы
2	«ҚазМұнайТеңіз» ТМК АҚ	010000, Астана қ.,	100,00%	Қайраңдағы мұнай кен орындарын	Марабаев Ермек

		Қабанбай батыр д-лы, 2/2		барлау мен өндіруді жүзеге асыру	Нәсібқалиұлы
3	«КазТрансГаз» АҚ	Астана қ., Тәуелсіздік к-сі, 12/1-үй	100,00%	Газ секторын дамытудың мемлекеттік және ұлттық бағдарламаларын әзірлеуге және орындауға қатысу	Назаров Болат Қонақбайұлы
4	«КазТрансОйл» АҚ	Астана қ., Қабанбай батыр д-лы, 19	100,00%	Мұнай тасымалдауды жүзеге асыру	Сұлтан Нұрбол Сарыбайұлы
5	«Қазтеңізкөлікфлоты» ҰТКК АҚ	Ақтау қ., 13 ш/а, 55-ғим, Бизнес Орталығы	100%	Жүктердің барлық түрлерін, шикі мұнай мен мұнай өнімдерін, негізгі жүктерді, контейнерлерді, жолаушыларды, жануарларды тасымалдау	Орманов Марат Көшкенбайұлы
6	«ҚазМұнайГаз сауда үйі» АҚ	Астана қ., Сары арқа д-лы, 1	100,00%	Мұнай мен газ мұна өнімдері экспорты, мұнай өнімдерінің бөлшек және көтерме сату	Амангелдин Данияр Шәріпұлы
7	«ҚазРосГаз» ЖШС	занд. 050000, Алматы қ., Чайковский к-сі, 95; іс жүз. 050010, Алматы қ., Достық д-лы, 48 а	50,00%	Газ маркетингі және оны сату	Боранбаев Қайрат Советайұлы
8	«Қазақойл-Украина» ЖШС	Алматы қ., Қазақфильм ш/а, 43-үй, 7-пәт	34,04%	Мұнай өңдеу	Мақажанова Бағдат Төлеусейітқызы
9	«ҚазМұнайГаз-Сервис» ЖШС	Астана қ., Республика д-лы, 26	60,01%	Сервистік қызметтер	Кеулімжаев Серік Жеткергенұлы
10	«Қазақстан-Британ техникалық университеті» АҚ	050000, Алматы, Төле би 59	98,30%	Білім беру қызметтері	Бейсембетов Искандер Қалыбекұлы
11	«Қазақ мұнай және газ институты» АҚ	Астана қ., Магистраль ая 1, 14-үй	90,19%	Мұнай-газ секторындағы ғылыми-зерттеу және жобалық-	Бас директордың міндетін атқарушы Фуад

				зерттеу жұмыстары	Төлеуішұлы Серіков
12	«Рауан Медиа Групп» АҚ	Астана қ., 010000, ул. Желтоқсан, 77	96,05%	Еншілес ұйымдар мен БАҚ басқару	Бас директордың міндетін атқарушы Жаннат Сағындыққызы Мәметова
13	«ҚМГ Құмкөл» ЖШС	Астана қ., 010000, Қабанбай батыр д-лы, 22	100%	Мұнай-газ саласындағы инвестициялық қызмет	Жүсіпбеков Руслан Берікұлы
14	«Қазақойл-Ақтөбе» ЖШС	Ақтөбе қ., 12 ш/а, 21-үй, Г-Д секциялары	50%	Барлау, өндіру	Жанесенов Беркібай Көшекбаұлы
15	«Қазақтүрікмұнай» ЖШС	Астана қ., Абай д-лы, 113, Окан Интер Континенталь отелінің Бизнес-орталығы, 6-қабат	51%	Барлау, өндіру	Шайхымежденов Жәнібек Ғинаятұлы
16	«Н Оперейтинг Компани» ЖШС	Ақтау қ., 8 ш/а, 39 б, 4-қабат	100%	Теңізде мұнайды барлау, өндіру	Бимағамбетов Тимур Мұстахиұлы
17	«Kashagan b.v.» ЖШК	Нидерланды, Амстердам, Strawinskylaan, 411,107 7XX	100%	Қашаған жобасындағы үлесті ұстаушы	United International B.V. Ахметжанов Ә.М.
18	«Қазақстан Пайплайн Венчурс» ЖШК	Орандж стрит, Нью Касл Каунти, Штат Делавер 19081, АҚШ	100%	Мұнай мен газ тасымалдау (негізгі қызметтің қажеттіліктері үшін ҚКҚ қаржыландыру)	Қабылдин Қ.М., Раханов Т.М., Nilfortune, Jonatan Popper
19	«Теңіз Сервис» ЖШС	130000, Маңғыстау обл., Ақтау қ., 14 ш/а., 61-ғим., «Ақтау жұлдызы» б/о	49%	Қайраңдағы сервистік қызметтер	Мырзағалиев Мағзұм Маратұлы
20	«ККҚ-Қ» АҚ	Атырау қ., 465002, Уәлиханов к-	19%	Мұнай тасымалдау	Жумин Қанатбек Райханұлы

		сі, 11-үй			
21	«КҚК-Р» ЖАҚ	Москва қ., Б.Ордынка к-сі, 40-үй, 4-құрылыс, «Легион 1» бизнес-орталығы, 4-қабат	19%	Мұнай тасымалдау	Ахметжанов Мейрам Сәпіұлы
22	«Қазақстандық келісім-шарт агенттігі» АҚ	010000, Астана қ., Сығанак к-сі, д. 29, 18-қабат	50%	Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттардағы қазақстандық үлестің мониторингі	Әубәкіров Тимур Тоқтарұлы
23	«Каспий мұнай-газ компаниясы» ЖШК	414000, Ресей, Астрахань қ., Наташа Качуевская к-сі, 7-9	50%	Барлау, өндіру	Киселев Александр Валерьевич
24	«Теңізшевройл» БК ЖШС	Атырау қ., Сәтпаев к-сі, 3-үй, ТШО бас офісі	20%	Барлау, өндіру	Тодд Леви
25	Қылыш сауда әріптестігі	01.06.1994 г., 1 Westferry Circus Canary Wharf London, E14 4HA	50%	Маркетинг	Chevron, Балжанов А.Қ, Шманов Н., Өтеғалиев С.Ә.
26	Cooperative KazMunaiGaz РКІ U.A.	Нидерланды, Амстердам, Рокин, 55	95,10%	Мұнай-газ саласындағы инвестициялық қызмет	Fotis Intertrust Құсаев Нұрлан Ханымұлы
27	«Евро-АзияЭйр» АҚ	Астана қ., 010000, Айманов к-сі, 6	100%	Авиа қызметтері	Жанжәркенов Асқар Зайырұлы
28	«Semser Security» ЖШС	010000, Астана к-сі, Алматы ауданы, Ақбұлақ-2, 5-үй	100%	Күзет қызметі	Тоқалов Талғат Биғалымұлы
29	«ҚМГ-Транскаспий» ЖШС	010000, Астана қ., Алматы ауданы, Республика д-лы, 26-үй	100%	Мұнай тасымалдау	Мәженов Мұхит Мұратұлы

30	«МК Каспиан Жұлдыз» ЖШС	Ақтау қ., 14 ш/а, 61-үй, «Ақтау жұлдызы» ғимараты, 5-қаб.	50%	Мұнайды барлау, өндіру	Аманқұлов Болат Рахметұлы
31	«Kazakhstan Petrochemical Industries» АҚ	Алматы қ., Бөгенбай батыр д-лы, 168	50%	Мұнай-химия	Қырымыв Қайрат Серікұлы

20. Эмитент қатысатын өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар.

Эмитент өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтардың, холдингтердің, концерндердің, қауымдастықтардың, консорциумдардың қатысушысы болып табылмайды.

21. Эмитенттің басқа да қосылма тұлғалары туралы мәліметтер.

№	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Туылған күні	Ескерту
1.	Келімбетов Қайрат Нематұлы	28.01.1969	«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Басқармасының төрағасы, «Қазақстан Даму банкі» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы
2.	Құлыбаев Тимур Асқарұлы	10.09.1966	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, «Қазақстан темір жолы ҰК» АҚ, «Самұрық-Энерго» АҚ, «KEGOC» АҚ, «Қазатомөнеркәсібі» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Басқармасы төрағасының орынбасары
3.	Ақшолақов Болат Оралұлы	09.04.1971	«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «Қазатомөнеркәсібі» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі
4.	Ақшолақов Орал Ақшолақұлы	16.06.1936	әкесі
5.	Ақшолақова Қабиба Керейқызы	17.12.1933	шешесі
6.	Ақшолақова Бибігүл Оралқызы	19.08.1960	апасы
7.	Ақшолақова Майра Оралқызы	15.11.1961	апасы
8.	Ақшолақов Марат Оралұлы	07.03.1967	ағасы
9.	Қабдолова Гаухар Аманжолұлы	02.04.1978	зайыбы

10.	Ақшолақова Інжу Болатқызы	13.04.2002	қызы
11.	Қабдолов Алмаз Аманжолұлы	18.02.1980	зайыбының інісі
12.	Қабдолов Алтынбек Аманжолұлы	21.07.1986	зайыбының інісі
13.	Қабдолов Аманжол Тәженұлы	02.01.1950	зайыбының әкесі
14.	Тауашева Раят Зияшқызы	10.12.1953	зайыбының шешесі
15.	Кешубаев Ғалиаусат Қайырбекұлы	15.08.1950	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі
16.	Жұмабаева Зейнекеш	30.03.1929	шешесі
17.	Кешубаева Сәуле Орынбасқызы	27.04.1951	зайыбы
18.	Кешубаев Досжан Ғалиаусатұлы	15.08.1971	ұлы
19.	Кешубаева Алина Рүстемқызы	18.01.1979	ұлының зайыбы
20.	Кешубаев Ер-Жандос Ғалиаусатұлы	19.07.1974	ұлы
21.	Кешубаева Эльмира Хазықызы	07.06.1984	ұлының зайыбы
22.	Кешубаева Қымбат Ғалиаусатқызы	04.05.1985	қызы
23.	Қабылдин Қайыргелді Мақсұтұлы	01.01.1953	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Басқармасының төрағасы
24.	Құдыбаева Ғалия Зейнешқызы	10.03.1955	зайыбы
25.	Иденов Мақсат Бағитұлы	11.09.1967	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының мүшесі, «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы
26.	Берлібаев Данияр Әмірбайұлы	21.12.1968	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының мүшесі, «ҚазМұнайГаз» СҰ АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «ҚазТрансГаз» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, «Қазақ мұнай және газ институты» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, «Қазтеңізкөлікфлоты» ҰТКК» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, «КРІ» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы
27.	Берлібаев Әмірбай	10.05.1938	әкесі

	Берлібайұлы		
28.	Берлібаев Айдар Әмірбайұлы	20.04.1965	ағасы
29.	Берлібаев Бахтияр Әмірбайұлы	14.02.1971	інісі
30.	Берлібаев Мадияр Әмірбайұлы	20.08.1973	інісі
31.	Берлібаев Әнуэр Әмірбайұлы	21.01.1976	інісі
32.	Сүлейменова Жанар Қалқаманқызы	03.09.1975	зайыбы
33.	Әмірбай Абзал Даниярұлы	06.08.2001	ұлы
34.	Әмірбай Бекзат Даниярұлы	02.03.2003	ұлы
35.	Әмірбай Мағжан Даниярұлы	15.03.2007	ұлы
36.	Сүлейменов Қалқаман Айтбайұлы	07.10.1948	зайыбының әкесі
37.	Сұраншиева Гүлзада Битөлекқызы	08.12.1948	зайыбының шешісі
38.	Сүлейменов Асқар Қалқаманұлы	31.05.1978	зайыбының інісі
39.	Ыбырашев Кенжебек Ниязұлы	14.07.1958	«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма төрағасы, «ҚазМұнайТеңіз» ТМК АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы
40.	Бисенғалиева Ғалия Қибашқызы	01.11.1955	зайыбы
41.	Ыбырашева Нүргүл Кенжебекқызы	14.09.1985	қызы
42.	Ниязова Гүлназ Кенжебекқызы	19.12.1992	қызы
43.	Ыбырашев Асау Ниязұлы	xx.xx.1950	ағасы
44.	Ыбырашев Қашаған Ниязұлы	xx.xx.1953	ағасы
45.	Ыбырашев Мамай Ниязұлы	xx.xx.1955	ағасы
46.	Иманғалиева Сағида Ниязқызы	xx.xx.1939	апасы
47.	Ыбырашева Жолдықыз Ниязқызы	xx.xx.1942	апасы
48.	Ыбырашева Шайда Ниязқызы	xx.xx.1947	апасы
49.	Бисенғалиев Анарбек Қибашұлы	15.09.1946	зайыбының ағасы
50.	Бисенғалиев Ақылбек Қибашұлы	27.03.1949	зайыбының ағасы

51.	Бисенғалиев Асылбек Қибашұлы	14.04.1952	зайыбының ағасы
52.	Бисенғалиев Кенжебек Қибашұлы	10.05.1960	зайыбының інісі
53.	Бозжанов Төлеген Жұматұлы	11.02.1974	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма мүшесі, «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «ҚазМұнайТеңіз» ТМК АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы
54.	Қалдыбаева Жанар Оразбекқызы	05.12.1975	зайыбы
55.	Бозжанова Дәмелі Төлегенқызы	08.12.1997	қызы
56.	Бозжанов Әди Төлегенұлы	12.10.2001	ұлы
57.	Бозжанова Әйкен Төлегенқызы	16.03.2006	қызы
58.	Балжанов Асқар Құмарұлы	23.04.1958	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының мүшесі
59.	Балжанов Құмар Қайырбайұлы	30.12.1928	әкесі
60.	Балжанова Изилия Ғалиқызы	01.11.1933	шешесі
61.	Жылбаева Жұмабике Әлиқызы	24.10.1958	зайыбы
62.	Балжанов Алдияр Асқарұлы	17.09.1983	ұлы
63.	Балжанов Бахтияр Асқарұлы	23.03.1985	ұлы
64.	Мәсімов Кәрім Қажымқанұлы	15.06.1965	«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы
65.	Сұлтанов Бахыт Тұрлыханұлы	29.11.1971	«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі
66.	Жәмішев Болат Бидахметұлы	28.06.1957	«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі
67.	Мыңбаев Сауат Мұхаметбайұлы	19.11.1962	«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі
68.	Исекешев Әсет Өрентайұлы		«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі
69.	Дунаев Арман Ғалиасқарұлы	07.10.1966	«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Басқармасы төрағасының орынбасары, «Kazyna Capital Management» АҚ, «Стрессті активтер қоры» АҚ, «БТА Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы

70.	Әйтекенов Қайрат Медібайұлы	21.11.1963	«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Басқармасының мүшесі, «Қазақстан Даму Банкі» АҚ қоры Басқармасының мүшесі, Директорлар кеңесінің мүшесі, «Экспорттық кредиттер мен инвестицияларды сақтандыру жөніндегі мемлекеттік сақтандыру корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, «Астана-финанс» АҚ, «БТА Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «KAZNEX» экспортты дамыту және жылжыту жөніндегі корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, «Қазақстан тұрғын-үй құрылыс жинақ банкі» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, «ДАМУ қоры» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы
71.	Жанғауылов Ержан Арыстанбекұлы	28.05.1968	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының мүшесі, «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі
72.	Мирошников Владимир Яковлевич	02.02.1950	«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Басқармасының мүшесі
73.	Баймұханов Естұрған Ұзақбайұлы	05.09.1957	«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Басқармасының мүшесі
74.	Әбілханов Дауылбай Құрымбайұлы	25.10.1961	«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Басқармасының мүшесі
75.	Бекежанова Жанетта Дүйсетайқызы	08.11.1969	«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Басқармасының мүшесі
76.	Ережепов Қайролла Жеткізгенұлы	25.11.1947	«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Басқармасының мүшесі
